

## Қазіргі заманғы көліктік логистикалық жүйелер

**Транспорт** – адамдар мен жүктердің тасымалдануын іске асыратын материалдық өндіріс саласы. Қоғамдық өндіріс саласында транспорт материалдық қызмет көрсетулер саласына жатады.

Транспорттық операцияларды орындауға кететін шығындардың жаппы логистикалық шығындар ішіндегі үлесі 50% құрайды. Арналуы бойынша **транспорттың екі негізгі торабын** бөледі:

**1. Ортақ пайдалану транспорты** – жүктер мен адамдарды тасымалдаудағы халық шаруашылығының барлық салаларының және халықтық қажеттілігін қанағаттандыратын халық шаруашылық саласы. Ортақ пайдалану транспорты айналым саласы мен халыққа қызмет көрсетеді. Оны жиі жағдайда магистралдық деп атайды. Ортақ пайдалану транспорты темір жол, су, автокөлік, әуе және құбыр транспортын қамтиды.

**2. Ортақ емес пайдалану транспорты** – бұл ішкі өндірістік транспорт және транспорттық емес кәсіпорындардың меншігіндегі бүкіл түрлі транспорттық құралдар. Ол белгілі бір өндірістік жүйелердің құрама бөлігі болып табылады, демек оның жұмысын ұйымдастыру кәсіпорында логистиканы ұйымдастырудың міндеттерінің бірі болып табылады.

Транспорттық логистиканың **міндеттері**:

- транспорттық жүйелерді, оның ішінде транспорттық коридорлар мен транспорттық тізбектерді құру; (транспорттық коридор – жеке географиялық аймақтар арасында жүктің тасымалдануын қамтамасыз ететін ұлттық және халықаралық транспорттық жүйенің бөлігі; транспорттық тізбек – белгілі бір қашықтыққа жүк тасымалдау кезеңдері);
- әртүрлі транспорттағы транспорттық процестерді бірлесіп жоспарлау;
- транспорттық-қоймалық процестің технологиялық бірлігін қамтамасыз ету;
- транспорттық процесті қоймалық және өндірістік процеспен біріктіріп жоспарлау;
- транспорттық құрал түрін таңдау;
- транспорттық құрал типін таңдау;
- жеткізіп берудің ұтымды маршруттарын анықтау.

2-сұрақ. Транспорт түрін таңдаудың негізгі транспорт түрлеріне тән сипаттамалар туралы ақпарат.

1. **автокөлік.** Негізгі **артықшылығы** – жоғары жылдамдығы. Автокөліктің көмегімен жүк қауырттылықтың қажетті деңгейімен «есіктен есікке дейін» жеткізіле алады. Транспорттың бұл түрі жеткізіп берудің жүйелілігін қамтамасыз етеді. Мұнда басқа транспорт түрлерімен салыстырғанда, тауардың орамасына қойылатын талаптар онша қатаң емес. Автокөліктің негізгі **кемшілігі** – тасымалдаудың салыстырмалы түрдегі жоғары өзіндік құны, себебі тасымалдау құны автокөліктің максималды жүк көтерімділігі бойынша алынады. Басқа кемшіліктеріне жүкті түсірудің қауірттілігі, жүкті және автокөлікті ұрлау мүмкіндігі, төмен жүк көтерімділігі жатады.

2. **Темір жол транспорты.** Кез келген табығи жағдайларда жүктердің әртүрлі партияларын тасымалдауға жарайды. Ол жүкті үлкен қашықтыққа жеткізіп бері мүмкіндігі мен тасымалдаулардың жүйелілігін қамтамасыз етеді. Мұнда жүкті тиеу – түсіру жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға болады. Сонымен бірге темір жол транспортының маңызды **артықшылығы** – жүктерді тасымалдаудың салыстырмалы түрдегі өзіндік құны жоғары емес.

3. **теңіз транспорты.** Халықаралық тасымалдаулардағы ірі тасымалдаушы болып табылады. Оның негізгі **артықшылықтары** – төмен жүк тарифтері және жоғары тасымалдаушылық қабілеті. **Кемшіліктері** – төмен жылдамдығы, орамаға қойылатын қатаң талаптар, жөнелтулердің аз жиілігі.

4. **ішкі су транспорты.** Мұндағы жүк тарифтері төмен, яғни бұл ең арзан транспорт түрі. **Кемшіліктері** – төмен жылдамдығы, төмен қол жетерлігі.

5. **әуе транспортының артықшылықтары** – жылдамдығы және алыс аймақтарға жеткізу мүмкіндігі. **Кемшіліктері** – жоғары жүк тарифтері, метеожағдайға тәуелділігі.

Транспорт түрін таңдауға әсер ететін негізгі алты факторды бөледі.

Транспорт түрін таңдауға әсер ететін негізгі факторлар бойынша транспорт түрлерін бөлу

Транспорт түрін таңдауға әсер	Жеткізіп беру уақыты	Жүкті жөнелту жиілігі	Жеткізіп беру графигін орындаудың сенімділігі	әртүрлі жүктерді тасымалдай алу қабілеті	Жүкті территорияның кез келген жеріне	Тасы-мал-дау-дың құны
-------------------------------	----------------------	-----------------------	---	--	---------------------------------------	-----------------------

ететін фактор- лар					жеткізу қабілеті	
транспорт түрі						
Темір жол	3	4	3	2	2	3
Су	4	5	4	1	4	1
Авто-көлік	2	2	2	3	1	4
Құбыр	5	1	1	5	5	2
әуе	1	3	5	4	3	5

Ең маңызды факторларға 1,3,6 фактрлар жатады.